

Целиноград ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № А-1/33 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 ақпанда № 5762 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Целиноград ауданының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген Целиноград ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Целиноград ауданы әкімінің орынбасары А. К. Айткужиноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға тарайды.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Целиноград ауданының әкімі

М.Тәткеев

Целиноград ауданы
әкімдігінің
2017 жылғы "25" қаңтардағы
№ А-1/33 қаулысымен
бекітілген

Целиноград ауданы бойынша 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Балабақша	2196	4258	23869,7	23869,7

2	Мектеп жанындағы жарты күн болатын шағын орталық	378	0	8896,1	0
---	--	-----	---	--------	---

кестенің жалғасы:

Бір тәрбиеленушіге бір айдағы шығындардың орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдардағы бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)	
мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
23869,7	23869,7	11000	16000
8896,1	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК